



Утверждаю
Заведующая ясли-сада «Дарын»
Исбаева Н.М.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы : **ЖШС «Дарын бөбекжай балабақшасы»**

Топ: ортаңғы топ **«Еркетай»**

Балалардың жасы: **3-4 жас.**

Жоспардың құрылу кезеңі: **қыркүйек айы, 2022-2023 оқу жылы.**

Қыркүйек	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none">– қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру;– мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру;– салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;– денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік, төзімділік, икемділік, шапшаңдық, үйлесімділікті дамыту;– жүргүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмеледің негізгі қимыл түрлеріндегі қарапайым дағдыларды орындауды қалыптастыру;– бірлескен қимылды ойындарға, өзара қарым-қатынастың
----------	----------------	--

	<p>жағымды ережелеріне баулу.</p> <p>1) жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүру;</p> <p>Спорттық жаттығулар:</p> <p>1) шанамен сырғанау. Биік емес төбеден бір-бірін сырғанату біліктерін қалыптастыру;</p> <p>2) сырғанау. Ересектердің көмегімен мұзды жолдармен сырғанау дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>3) велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>4) жүзуге дайындық. Суға тұсу, судан шығу, суда ойнау дағдыларын қалыптастыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</p> <p>Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>- дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-</p>

	<p>ш, с-з) дыбыстарды айта білу;</p> <p>Сөздік қор:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту; 2) заттардың бөлшектерін ажыратуға және атаптауға үйрету; <p>Тілдің грамматикалық құрылымы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сөздердің жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) суреттерді, заттарды қарастыруды, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу; 2) шағын тақпактар мен өлеңдерді жаттау;
Көркем әдебиет	<ol style="list-style-type: none"> 1) ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сактауға;
Математика негіздері	<p>Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету; <p>Шама.</p> <p>Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру; <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p>

	<p>1) геометриялық пішіндерді тану және атап; Кеңістікте бағдарлау. Өзінің деген бөліктерінің орналасу бағдарын білуге үйрету. Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру. Уақытты бағдарлау. Келесі дағдыларды қалыптастыру: тәулік бөліктерін тану және атап - таңертен, күндіз, кеш, тұн.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Tірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін қалыптастыру. Ауа-райының жағдайын анықтау, табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау. Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын тәрбиелеу.</p>
Құрастыру	<p>1) әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыштар құрастыру; 2) бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану;</p>
Сурет салу	<p>Түрлі бағытта тұра сызықтарды, олардың қылышсының жүргізе білуді қалыптастыру: 1) көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн);</p>
Мүсіндеу	<p>1) сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз</p>

		кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мұсіндеу дағдыларын қалыптастыру;
	Жапсыру	1) дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету; 2) бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау;
	Музыка	<p>Музыка тыңдау.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көніл күйін қабылдау; 2) түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау; <p>Ән айту.</p> <p>Дыбыстаудың бірыңғай құшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Музыкалық-ырғактық қозғалыстар.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру; 2) әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау;